

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыка орта мектеп-интернаты» РММ

Байқау кезеңдерінің нәтижелерін кешенді бағалау Ә Д І С Т Е М Е С І

М а з м ұ н ы

1. 1-сыныпқа түсушілерге қойылатын конкурстық талаптар.....1-2 бет
2. 1-сыныпқа қабылдау тыңдалымындағы бағалау критерийлері.....3-4 бет
3. Бос орындарға түсушілерге арналған мамандықтар бойынша бағдарламалық талаптар.....5-6 бет
4. Бос орындарға түсушілерге арналған сольфеджио және музыка теориясы бойынша бағдарламалық талаптар (2–11 сыныптар).....7-11бет
5. Бос орындарға қабылдау кезіндегі тыңдалымды бағалау критерийлері және бағалау шкаласы12-13 бет

ҚАРАЛДЫ:	БЕКІТЕМІН:
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ педагогикалық кеңесінде 2026 жылы 20 наурыздағы № 6 Хаттама	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ директоры <u>Абдрашев Б.А.</u> 30 наурыз 2026 жыл



Байқау кезеңдерінің нәтижелерін кешенді бағалау әдістемесі

Мектеп-интернаттың білім беру қызметінің ерекшелігіне сәйкес, дарынды балалардың музыкалық өнер негіздерін терең меңгеруіне бағытталғанын ескере отырып, сондай-ақ үміткерлердің кәсіби, психологиялық және физиологиялық функционалдық көрсеткіштерін анықтау мақсатында 1-сыныпқа қабылдау бойынша конкурстық іріктеу 2 кезеңде өткізіледі:

Қосымша № 3

1-сыныпқа түсушілерге қойылатын конкурстық талаптар

1. I тур – табиғи музыкалық қабілеттердің болуын тестілеу:

- *Интонация – танымал балалар әндері репертуарынан кемінде екі шумақ ән орындау (Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауға жол берілмейді).*
- *Музыкалық есту қабілеті – ассистент фортепианода орындаған бір немесе бірнеше (екі-үш) дыбыстың биіктігін дауыс арқылы мүмкіндігінше дәл қайталау, дыбыстар санын нақты анықтау.*
- *Музыкалық жады – ассистент орындаған 4 тактқа дейінгі музыкалық әуендерді есте сақтап, кейін оны дауыс арқылы мүмкіндігінше дәл қайталау.*
- *Музыкалық ырғақ – 4 тактқа дейінгі ырғақтық суреттерді есте сақтап, кейін оларды мүмкіндігінше дәл шапалақ арқылы қайталау.*
- *Үміткердің қалауы бойынша аспапта екіден артық емес шығарма орындау.*

2. II тур – үміткерлердің музыкалық қабілеттерін тереңірек диагностикалау және бағалау:

- *Интонация – кеңейтілген диапазоны мен күрделірек ырғақтық суреті бар танымал балалар әндері репертуарынан кемінде екі шумақ ән орындау (I турдағы әнді және Қазақстан Республикасының Әнұранын қайталап орындауға жол берілмейді).*
- *Музыкалық есту қабілеті – ассистент фортепианода бір мезгілде орындаған барлық (екі-үш) дыбыстың биіктігін дауыс арқылы мүмкіндігінше дәл қайталау, жылдам қарқында дыбыстар санын және аккорд құрылымын анықтау.*
- *Музыкалық жады – ассистент орындаған 4 такттан бастап және одан да көп, күрделендірілген ырғақтық суреттері бар, жылдамдатылған қарқындағы музыкалық әуендерді есте сақтап, кейін оларды мүмкіндігінше дәл және жылдам қайталау.*
- *Музыкалық ырғақ – 4-тен 8 тактқа дейінгі күрделі ырғақтық суреттерді жылдам қарқында есте сақтап, кейін дыбыстардың ұзақтығы мен олардың реттілігін шапалақ арқылы мүмкіндігінше дәл және жылдам қайталау.*
- *Үміткердің қалауы бойынша аспапта екіден артық емес шығарма орындау (I турдағы шығармаларды қайталап орындауға жол берілмейді).*

Оқуға түсу кезінде аспапта орындау міндетті емес, тек конкурсанттың қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Қабылдау қағидаларына сәйкес, екі турдан өткен және І және ІІ тур қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған конкурсанттар І-сыныпқа қабылданады.

Аспаптар бойынша бөлу құқығы қоса берілген квотаға сәйкес қабылдау комиссиясына беріледі.

3. Үміткерлердің ойын аппаратының аспапқа сәйкестігін анықтау үшін комиссия келесі талаптарды ескере отырып жұмыс жүргізеді:

- Буындардың қозғалғыштығы мен икемділігі
- Қолдың ұзындығы мен көлемі, олардың қозғалысы мен серпімділігі
- Алақанның ені, саусақ ұштарының толықтығы
- Қол басының пішіні
- Саусақтардың ұзындығы, икемділігі мен белсенділігі, созылу қабілеті
- Үміткердің бойы мен дене бітімі
- Үрмелі аспаптарға бөлу үшін комиссия қосымша қарастырады:
- Еріннің пішіні мен құрылысы
- Тіс пен жақ сүйектерінің құрылысы
- Тілдің пішіні мен құрылысы
- Кеуде қуысының құрылысы және тыныс алу бұлшықеттерінің даму деңгейі

Оқыту тілін таңдау құқығы ата-аналарға (заңды өкілдерге) беріледі.

Оқыту **қазақ және орыс тілдерінде** жүргізіледі. Оқу мерзімі – 12 жыл. Қазақстанның шалғай аудандары мен облыстарынан қабылданған балаларды мектеп жанындағы интернатқа қабылдау оқу жылы басталар алдында тамыз айында, тұрғылықты жерінен растайтын құжаттар негізінде электрондық үкімет порталы (e-gov) арқылы мектеп жанындағы интернат комиссиясымен қарастырылады. Өтініш беру сәтіндегі мекенжайды растайтын скриншот құжаттарға қоса тіркелуі тиіс.

ҚАРАЛДЫ: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ педагогикалық кеңесінде 2026 жылы 20 наурыздағы № 6 Хаттама	БЕКІТЕМІН: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ директоры _____ 30 наурыз 2026 жыл
--	---



Қосымша № 4

1. 1 сыныпқа қабылдау тыңдалымындағы бағалау критерийлері

Міндеттерді орындау нәтижелері жалпы қабылданған 5 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Музыкалық есту қабілеті (ән және музыкалық әуендерді орындау)

Баға 2 (жеткіліксіз деңгей) – өзіндік дайындаған әнді орындауда мелодиялық сызық дұрыс орындалмаған; қателер қатты интонациялық және ырғақтық қателермен; мұғалім ұсынған фрагментті орындауда айқын қателер, дикция бұзылыстары; музыкалық эмоциялық сезімталдық жоқ.

Баға 3 (орташа деңгей) – өзіндік дайындаған әндегі мелодиялық сызық «шамамен» орындалған, фальшиво; мұғалім ұсынған музыкалық фрагменттерді интонациялық «шамамен» орындау; музыкалық эмоциялық сезімталдық әлсіз; дикция баяу.

Баға 4 (қанағаттанарлық деңгей) – өзіндік дайындаған әнді орындауда мелодиялық сызық пен мәтінде 1–2 қате рұқсат етіледі; музыкалық фрагменттерді жақсы интонировкалау (әуендер); музыкалық эмоциялық сезімталдық бар; дикция айқын.

Баға 5 (мінсіз деңгей) – өзіндік дайындаған әнді орындауда мелодиялық сызық пен мәтінді сенімді орындау; музыкалық фрагменттерді сенімді, таза интонировкалау (әуендер); артистизм; музыкалық эмоциялық сезімталдық айқын; дыбыс биіктігін есту деңгейі жоғары; дикция айқын.

Берілген қасиеттердің бірінен орындалу дәлдігінің төмендеуі немесе жоғарылауы бағаны жарты баллға («+» немесе «-») арттырады немесе кемітеді.

Гармониялық естуді анықтау

Баға 2 (жеткіліксіз деңгей) – қабылдаушы ұсынылған міндетті орындамаған;

Баға 3 (орташа деңгей) – қабылдаушы ұсынылған аккордтардың жартысынан азысын анықтаған;

Баға 4 (қанағаттанарлық деңгей) – қабылдаушы ұсынылған аккордтардың жартысынан көп бөлігін анықтаған;

Баға 5 (мінсіз деңгей) – қабылдаушы барлық ұсынылған аккордтарды анықтаған.

Берілген қасиеттердің бірінен орындалу дәлдігінің төмендеуі немесе жоғарылауы бағаны жарты баллға («+» немесе «-») арттырады немесе кемітеді.

Метроырғақты диагностикалау

Баға 2 (жеткіліксіз деңгей) – мұғалім көмегімен ырғақты орындау бұзылған, қозғалыс үйлестіруінде айқын қиындықтар; ұсынылған міндеттерді орындау мүмкін емес.

Баға 3 (орташа деңгей) – өзіндік дайындаған әндегі ырғақтық суретті орындауда көптеген қателер; мұғалім ұсынған ырғақтық суретті орындауда көптеген қателер; темп тұрақсыз; қозғалысты үйлестіруде қиындықтар.

Баға 4 (қанағаттанарлық деңгей) – өзіндік дайындаған әндегі ырғақтық суретті орындауда 1–2 қате рұқсат етіледі; мұғалім ұсынған ырғақтық суретті қайталау кезінде 1–2 қате рұқсат етіледі, қайталаудан кейін (қолмен соғып) түзетілген; темптен аздап ауытқулар; үйлестірілген қозғалыстар; метроырғақ пульсацияны сезуде аздап ауытқулар бар.

Баға 5 (мінсіз деңгей) – өзіндік дайындаған әндегі ырғақтық суретті сенімді орындау, мүмкін аз қателермен; мұғалім ұсынған ырғақтық суретті дәл қайталау (1 қол соғумен); темп сезімі жақсы; үйлестірілген қозғалыстар.

Берілген қасиеттердің бірінен орындалу дәлдігінің төмендеуі немесе жоғарылауы бағаны жарты баллға («+» немесе «-») арттырады немесе кемітеді.

Музыкалық есте сақтауды диагностикалау

Баға 2 (жеткіліксіз деңгей) – мұғалім ұсынған тапсырмаларды есте сақтай алмайды және орындай алмайды.

Баға 3 (орташа деңгей) – өзіндік дайындаған әнде ырғақтық суретті орындауда және мелодиялық сызықты орындауда интонациялық қателер көп кездеседі; мұғалім ұсынған әуенді орындауда ырғақтық сурет пен мелодиялық сызықты есте сақтау үшін 5-тен көп қайталау қажет.

Баға 4 (қанағаттанарлық деңгей) – өзіндік дайындаған әнде ырғақтық сурет, мелодиялық сызық және мәтінді орындауда 1–2 қате рұқсат етіледі; мұғалім ұсынған әуенді орындауда ырғақтық сурет пен мелодиялық сызықты есте сақтау үшін 2-ден көп қайталау қажет.

Баға 5 (мінсіз деңгей) – өзіндік дайындаған әнде ырғақтық сурет, мелодиялық сызық және мәтінді сенімді орындау; музыкалық фрагменттерді (әуендерді), ырғақтық суреттерді мұғалім ұсынғандай дәл есте сақтау және орындау (бірінші ретте).

Берілген қасиеттердің бірінен орындалу дәлдігінің төмендеуі немесе жоғарылауы бағаны жарты баллға («+» немесе «-») арттырады немесе кемітеді.

ҚАРАЛДЫ: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ педагогикалық кеңесінде 2026 жылы 20 наурыздағы № 6 Хаттама	БЕКІТЕМІН: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ директоры _____ 30 наурыз 2026 жыл
--	---



Қосымша №5

1. Бос орындарға түсушілерге арналған мамандықтар бойынша бағдарламалық тапсырмалар

«Арнайы фортепиано» бөлімі

Түсу сыныбы	Бағдарлама
II–IV сынып	1. Полифониялық шығарма 2. Ірі форма (соната немесе вариациялар) 3. Пьеса
V–XI сынып	1. Полифониялық шығарма 2. Ірі форма (соната немесе кеңейтілген пьеса) 3. Этюд

«Скрипка және альт» бөлімі

Түсу сыныбы	Программа
II–III сынып	1. 2 октава көлеміндегі гамма, 3-позицияға ауысумен 2. Этюд 3. Кантиленалық пьеса
IV–VIII сынып	1. 3 октава көлеміндегі гамма 2. Ірі форма (сонатаның бір бөлігі немесе виртуоздық пьеса) 3. Этюд
IX–XI сынып	1. 4 октава көлеміндегі гамма (жылдамдатумен) 2. Этюд 3. Ірі форма (I, II, III бөлімдері немесе виртуоздық пьеса)

«Виолончель, контрабас және арфа» бөлімі

Түсу сыныбы	Бағдарлама
II–IV сынып	1. Гамма 2. Этюд 3. Пьеса
V–XI сынып	1. Гамма 2. Этюд 3. Ірі форма (I, II немесе III бөлім)

«Үрмелі және ұрмалы аспаптар» бөлімі

Түсу сыныбы	Бағдарлама
II–VI сынып	1. Екі әртүрлі сипаттағы пьеса
VII–XI сынып	1. Сонатаның немесе концерттің I немесе II–III бөлімдері 2. Өз таңдауымен пьеса

**«Халық аспаптары
Домбра**

Сынып	Бағдарлама
II–XI	1. Шертпе күй 2. Төкпе күй

Қобыз-прима

Сынып	Бағдарлама
II–XI	1. Екі әртүрлі сипаттағы пьеса

Қыл-қобыз

Сынып	Бағдарлама
II–XI	1. Күй 2. Қазақстандық композитор шығармасы

Шертер, прима-домбра және т.б.

Сынып	Бағдарлама
II–XI	1. Екі әртүрлі сипаттағы шығарма

ҚАРАЛДЫ: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ педагогикалық кеңесінде 2026 жылы 20 наурыздағы № 6 Хаттама	БЕКІТЕМІН: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ директоры <u>Холмашев Б.Т.</u> 30 наурыз 2026 жыл
--	--



Қосымша № 6

Бос орындарға түсушілерге арналған сольфеджио және музыкалық теория бойынша бағдарламалық талаптар

Екінші сынып

Музыкалық сауаттылық

Табиғи мажор. C-dur, D-dur, a-moll (табиғи және гармониялық түрлері) тональдіктері. G-dur, F-dur. Тұрақты дыбыстар, тұрақсыз дыбыстар және олардың шешімдері, кіріспе дыбыстар, тұрақтарды әуендеуде қолдану ұғымы.

Метр және ырғақ

Әуеннің ырғақтық суретін соққылау және шапалақпен қайталау. Өлшем 2/4. Ұзақтықтары:



. Күшті және әлсіз метрлік соққылар ұғымы. Өртүрлі ырғақтық топтармен жұмыс.



сосын керісінше.

Төрттікке тең тыныс белгісі. Алдын ала кіріс (затакт), төрттікке немесе екі сегіздікке тең.

Әндітеу және сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Өтілген тональдіктердегі гаммаларды әртүрлі ұзақтықтармен және ырғақтық топтармен $\eta 0 \xi$ 2/4 өлшемінде дирижерлеп отырып дауыстап айту.

Тұрақты дыбыстарды, тұрақсыз дыбыстарды тұрақты дыбыстарға шешумен, сондай-ақ кіріспе (енгізгі) дыбыстарды айту.

Қарапайым әуендерді парактан оқу (4 такт көлемінде), 2/4 өлшемінде дирижерлеп отырып дауыстап айту.

Өртүрлі басқыштарды есту арқылы анықтау.

3 сынып

Музыкалық сауаттылық

Екі белгіге дейінгі тональдіктер. Үш түрлі минор. Тональдіктер: До мажор, Ре мажор, Ля минор, G-dur, F-dur, Bb-dur, Ми минор, Ре минор, Си минор, G минор.

Тұрақты және тұрақсыз дыбыстар, кіріспе дыбыстар, дыбыс сатылары. Метроырғақ: 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері. Ұзақтықтар: бүтін, жарты, төрттік, сегіздік, он алтылық, нүктелі төрттік және сегіздік. Тыныс белгілері: жарты, төрттік, сегіздікке тең. Интервалдар ұғымы және олардың атаулары. Минорлық гамманың құрылысы.

Музыкалық есту дағдылары

Есту арқылы тұрақты және тұрақсыз дыбыстарды тану, тоника, мажор және минор ладтарының үш тұрақты дыбысы, кіріспе дыбыстарды тоникаға шешу ұғымы. Есту арқылы ладтан тыс интервалдарды анықтау дағдылары.

Әндету және сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Өткен гамманы, тұрақты дыбыстарды, тұрақсыз дыбыстарды олардың шешімімен және дыбыс сатыларын орындау. Өткен тональдіктер мен өлшемдерде парақтан әуенді орындау. Берілген сұрақтық фразаға жауаптық фразаны орындау. 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдерінде ең қарапайым әуендерді парақтан оқу. Интервалдар ұғымы, негізгі дыбыс сатыларынан жоғары және төмен бағытта интервалдарды құру және оларды ладтан тыс интонировкамен орындау.

4 сынып

Музыкалық сауаттылық

Табиғи мажор және үш түрлі минор, үш белгіге дейін қоса алғанда. Параллель тональдіктер ұғымы. Барлық тұрақсыз дыбыстарды тұрақты дыбыстарға шешу. Диатоникалық интервалдар, тритондардан басқа.

Метрорығак: 2/4, 3/4, 3/8, 4/4 өлшемдері. Ырғақтық топтар. Тыныс белгілері: сегіздікке және тактқа тең. Алдын ала кіріс (затакт), төрттікке және екі сегіздікке тең.

«Үлкен (мажор) үштік, кіші (минор) үштік» терминдері. T53 аккорды және оның ауысымдары – T6, T64.

Музыкалық есту дағдылары

Гамма, әуен немесе ноталық мәтін бойынша табиғи, гармониялық және мелодиялық минорды есту арқылы анықтау.

Интервалдарды, дыбыс сатыларын, мажорлық немесе минорлық үштікті есту арқылы анықтау.

Әндету және сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Өткен тональдіктер мен өлшемдердегі әуендерді парақтан интонациялау арқылы орындау. гамманы, жеке дыбыс сатыларын, параллель тональдіктердің T53 аккордтарын орындау. Әуендерді ауызша транспозициялау (басқа тональдікке ауыстыру).

5 сынып

Музыкалық сауаттылық

T53, S53, D53 аккордтар және олардың ауысымдары ұғымы. Негізгі түрдегі D7 аккорды және оның шешімі. Табиғи мажор және табиғи минордағы тритондар. Диатоникалық бір дауысты секвенциялар.

Сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Төрт белгіге дейінгі тональдіктер қоса алғанда. Табиғи мажор және үш түрлі минор. Өткен тональдіктердегі бір дауысты мысалдарды сольфеджио арқылы орындау.

Метрорығак: 2/4, 3/4, 4/4, 3/8, 6/8 өлшемдері. Ырғақтық топтар: 

Алдын ала кіріс (затакт), екі төрттікке және үш сегіздікке тең.

Тональдікте (5–6 дыбыс) интервалдарды орындау.

Өткен тональдіктерде үйренген әуендерді бір екіншіге жоғары немесе төмен транспозициялау (басқа тональдікке ауыстыру).

Музыкалық есту дағдылары

Дыбыстан бастап интервалдарды есту арқылы анықтау.

Гармониялық ауысымдарды (3–4 аккорд) құру, орындау және есту арқылы анықтау, мысалы: T53–S64–T53; T53–D6–T53; T6–S53–T6; T53–S6–T46–D53–T6 және т.б.

6 сынып

Сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Гамманы, тоникалық үштікті орындау. Парактан орындау. Өткен тональдіктерде әуенді бір екіншіге жоғары немесе төмен транспозициялау. Өткен тональдіктердегі интервалдарды орындау. Кіші гармониялық ауысымдарды орындау.

Әуендер: бір дауысты, бір ладты және модуляциялайтын (доминанта тональдікке және параллель тональдікке) әуендер, табиғи мажор және үш түрлі минор тональдіктерінде, бес белгіге дейін.

Өлшемдер: 2/4, 3/4, 4/4, 3/8 өлшемдері, ырғақтық топтармен.



топтамаларымен.

Тыныс белгілері 0 және ε ұзақтыққа тең. 3 белгіге дейінгі тональдіктердегі бір дауысты мысалдарды парактан оқу, 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдерінде, күрделенбеген ырғақтық суретпен.

Музыкалық есту дағдылары

Гармониялық есту дағдысын тексеру: өткен тональдіктерде ән орындау және барлық қарапайым интервалдарды есту арқылы анықтау.

Барлық интервалдарды гармониялық (екі дауыспен) орындау, 3 белгіге дейінгі тональдіктерде.

Мажор және минор үштіктерін, олардың ауысымдарын және D7 аккордын әуендік орындау және есту арқылы анықтау.

Тональдіктегі қарапайым гармониялық ауысымдарды (3–4 аккорд, негізгі сатылардың үштіктері, олардың ауысымдары және D7 аккордтары) есту арқылы анықтау.

Ладтан тыс интервалдар мен аккордтарды анықтау.

Өткен тональдіктерде негізгі D7 аккордын оның шешімімен және ауысымдарын әуендік орындау және есту арқылы анықтау.

Шығармашылық дағдылар: берілген ырғаққа әуенді импровизациялау, жауаптық фразалар жазу.

7 сынып

Сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

6 белгіге дейінгі тональдіктерді білу.

5 белгіге дейінгі тональдіктердегі бір дауысты музыкалық мысалдарды нотадан орындау, бірладты және доминанта немесе параллель тональдікке модуляцияланған, қарапайым



хроматизмдермен, 6/8 өлшемі, ырғақтық топтарымен және бұрын өткен барлық өлшемдер, байлап қойылған ноталармен, жеңіл синкопалармен, сегіздік триольдармен.

Табиғи және гармониялық мажор, үш түрлі минор. Үйренген мысалдарды өткен тональдіктерде бір екіншіге жоғары және төмен транспозициялау (басқа тональдікке ауыстыру).

Өткен тональдіктерде D7 аккордын оның ауысымдарымен, үштіктерді олардың ауысымдарымен, қысқартылған кіріспе септаккордын шешімімен және тритондарды орындау.

Музыкалық есту дағдылары

Өткен тональдіктерде барлық өткен аккордтарды есту арқылы анықтау. Барлық қарапайым интервалдарды және тритондарды есту арқылы анықтау. Гармониялық аккордтар тізбегін (7–8 аккорд) есту арқылы анықтау.

8 сынып

Сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Кез келген мажор және минор тональдіктерінде бір дауысты әуенді хроматизмдермен (қосымша және өту дыбыстары), ауытқулармен және туыс тональдіктерде модуляциямен орындау.

Өлшемдер: 2/4, 3/4, 4/4, 3/8, 6/8. Күрделі синкопа, мысалы: **е000е**. Барлық тыныс белгілері.

Парақтан қарапайым бірладты мысалдарды орташа қарқында бір екіншіге жоғары немесе төмен транспозициялау (басқа тональдікке ауыстыру).

Өткен барлық гаммаларды жылдам қарқында орындау. Тональдікте тритондарды және сипаттамалық интервалдарды орындау, D7 аккордын оның ауысымдарымен, кіріспе септаккордты ауысымдарымен және шешімімен орындау, SII7 аккордын табиғи және гармониялық мажорда, минорда ауысымдарымен және шешімімен орындау. Дыбыстардан интервалдар мен аккордтарды орындау.

Музыкалық есту дағдылары

Дыбыстан бастап интервалдарды, оның ішінде тритондар мен сипаттамалық интервалдарды есту арқылы анықтау. Өткен аккордтардан құралған гармониялық тізбектерді (8 аккорд) есту арқылы анықтау.

9 сынып

Музыкалық теория курсы аясындағы келесі тақырыптар бойынша білім көлеміне не бөлу:

1. Музыкалық дыбыстар және олардың қасиеттері
2. Ноталық жазба
3. Метроырғақ және ырғақ
4. Лад және тональдік
5. Дыбыстан және ладта интервалдар
6. Дыбыстан және ладта аккордтар
7. Тональдіктердің туыстылығы. Хроматизм. Альтерация. Модуляция. Ауытқу
8. Әуен. Музыкалық синтаксис

Сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Барлық мажор және минор тональдіктерінде, сондай-ақ ежелгі халықтық ладтарда хроматизмдер, ауытқулар және модуляцияларды қамтитын бір дауысты әуендерді парақтан оқу.

Қарапайым екі дауысты гармониялық және полифониялық мысалдарды парақтан оқу, хроматикалық қозғалыстар, ауытқулар және туыс тональдіктерде модуляцияларды орташа қарқында орындау.

Тональдікте қарапайым интервалдарды, оның ішінде тритондар мен сипаттамалық интервалдарды орындау. Гармониялық тізбектерді орындау: D7, SII7, қысқартылған кіріспе септаккорд, кіші кіріспе септаккорд. Бүкіл D7 – VI үзілген ауысымын орындау.

Дыбыстан бастап үштіктер мен D7 аккордтарын олардың ауысымдарымен құру және орындау.

Музыкалық есту дағдылары

Қарапайым интервалдарды есту арқылы анықтау. Тритондар мен сипаттамалық интервалдарды шешімімен есту арқылы анықтау. Өткен аккордтардан құралған гармониялық тізбектерді (8–10 аккорд) есту арқылы анықтау.

10 сынып

Гармония курсы аясында келесі тақырыптар бойынша білімге ие болу: Негізгі сатылардың үштіктері (қосылыстары, қозғалысы, терциялы дыбыстардың секіруі). К6/4. Төрт дауысты шағын гармониялық тізбекті ойнап, оны орындау және әуен түрінде айту.

Сольфеджио тапсырмалары

(музыкалық материалды дауыс арқылы дәл интонациялап орындау)

Парақтан бір дауысты және екі дауысты гармониялық және полифониялық мысалдарды хроматизмдермен, ауытқулармен және модуляциялармен, күрделі метроырғақ құрылымымен, органика қарқында орындау.

Хроматизмдер, ауытқулар және модуляциялар бар бір дауысты мысалдарды бір екіншіге жоғары немесе төмен транспозициялау. Халықтық ладтарды орындау.

Гармониялық аккордтық тізбектерді орындау (**төрт дауыста емес**): D7 және оның ауысымдары, SII7 және оның ауысымдары, U7, MVII7, D7–VI үзілген ауысымы, өту аккордтары T2, VI2, IV2, сондай-ақ VI7 ладта.

Дыбыстан бастап үштіктерді ауысымдарымен, MB7, MM7, МУМ7 және Ум7 аккордтарын олардың ауысымдарымен құру және орындау.

Музыкалық есту дағдылары

Қарапайым және күрделі интервалдарды, оның ішінде тритондар мен сипаттамалық интервалдарды есту арқылы анықтау. Гармония курсы аясындағы төрт дауысты аккордтар.

Ладтан тыс жеке аккордтарды есту арқылы анықтау.

Тональдіктегі гармониялық аккордтық тізбектерді есту арқылы анықтау, соның ішінде D7–VI үзілген ауысым және өту аккордтары (3–4 дауыста).

11 сынып

Гармония курсы аясында SII7 тақырыбына дейінгі білімге ие болу: Төрт дауысты шағын гармониялық тізбекті ойнап, оны орындау және әуен түрінде айту.

Сольфеджио бойынша оқушы мыналарды істеу керек:

- Өртүрлі дыбыс қатарларын (соның ішінде жеті сатылы ладтардың ерекше түрлері, пентатоника, екі рет гармонияланған ладтар және хроматикалық гаммалар), жеке лад сатыларын, интервалдарды және аккордтарды ладта және ладтан тыс, каденциялар мен олардың құрылымын, аккордтық тізбектерді есту арқылы анықтап, дәл интонациялау;
- Әуендерді және кез келген дауысты екі дауысты мысалдарда интонациялық таза және ырғақтық дұрыс сольфеджио арқылы орындау; кез келген ладтарды, интервалдарды, аккордтарды дыбыстан немесе тональдікте орындау;
- Әуендерді бір екінші немесе терцияға жоғары немесе төмен транспозициялау. Парақтан оқу:
- Бір дауысты мысалдарды диатоникалық және хроматикалық туыс тональдіктерде, ауытқулар мен модуляциялармен, күрделі әуендік және ырғақтық құрылымымен, мелизмдермен (мысалы: Сольфеджио, құраст. Островский, Соловьев, Шокин) орындау.
- Екі дауысты гармониялық және полифониялық мысалдарды парақтан оқу.

ҚАРАЛДЫ: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ педагогикалық кеңесінде 2026 жылы 20 наурыздағы № 6 Хаттама	БЕКІТЕМІН: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ директоры <u>Коджаев Б.Т.</u> 30 наурыз 2026 жыл
--	---



1. Вакантты орындарға қабылдау кезінде тыңдалымды бағалау критерийлері

1. Техникалық шеберлік

Фортепиано

- Дыбысты таза және дәл шығару.
- Қол үйлестіруі, аппликатураны меңгеру.
- Ырғақтық тұрақтылық.
- Педальді меңгеру (сәйкес сыныптар үшін).

Ішекті аспаптар (Скрипка, виолончель, контрабас, арфа)

- Интонацияның тазалығы.
- Дыбысты шығару сапасы (штрихтер, ысқышты жүргізу).
- Ырғақтық тұрақтылық.
- Позицияларды, ауысуларды, вибраторны меңгеру.
- Қол үйлестіруі, аспап пен дене қалыптарын дұрыс қою.

Үрмелі және үрмалы аспаптар (флейта, кларнет, саксофон, труба, үрмалы және т.б.)

- Интонацияның тазалығы.
- Дыбыстың біркелкілігі және барлық диапазонда тұрақтылығы.
- Тынысты бақылау, дем алу аппаратының жұмыс істеуі.
- Артикуляция (требуше, стаккато, легато, қос/үштік стаккато).
- Ырғақтық дәлдік.
- Штрихтердің тазалығы, аппликатураның дәлдігі.

Ұлттық аспаптар (домбыра, қобыз-прима, қыл-қобыз, баян, шертер, домра-прима ж.т.б.)

- Интонацияның дәлдігі (ішекті ұлттық аспаптар үшін).
- Ырғақтық тұрақтылық.
- Дыбыстың біркелкілігі және күші.
- Аппликатураның тазалығы, қол үйлестіруі.
- Штрихтерді меңгеру (пиццикато, тремоло, щипок, перебор – аспапка байланысты).
- Мехпен жұмыс (баян/аккордеон үшін), мехті біркелкі басқару.

2. Музыкалық образды, эмоцияны және көркем мазмұнды мәнерлі түрде жеткізу

- Шығарманың кейіпі мен стилін беру.
- Динамикалық экспрессивтілік, нюанстарды көрсету.
- Музыкалық фразировка және музыканың тынысы.
- Ырғақтық тұрақтылық.

3. Репертуардың күрделілігі мен әртүрлілігі

- Бағдарламаның деңгейі жасына және оқу сыныбына сәйкес болуы.

4. Музыкалық үндеу сапасы және орындау мәдениеті

- Форма сезімі, музыкалық ойдың дамуы.
- Бағдарламаның тұтастығы.
- Оқушының дайындық деңгейі.
- Музыканы мәнерлі және көркем орындауы.
- Нәтижелердің оқу стандартының талаптарына сәйкестігі.

Бағалау шкаласы

Баллдары	Деңгей	Сипаттама
5 (өте жақсы)	Жоғары	Техникалық жағынан сенімді, көркемдік тұрғыдан әсерлі, бағдарлама толық ашылған
4 (жақсы)	Ортадан жоғары	Кішкене кемшіліктер бар, стиль мен техниканы түсіну деңгейі жақсы
3 (қанағаттанарлық)	Орта	Техника/интонацияда кателіктер бар, бағдарламаны жеткізу орташа деңгейде
2 (қанағаттанарлықсыз)	Төмен	Техникада елеулі қиындықтар, сенімсіздік, дайындық төмен, мәтінді білмеу.